


2021-2022 оқу жылындағы мектепшілік, қалалық, облыстық пәндік олимпиада қорытындысы туралы анықтама (9-11 сыныптар)

Оқушылардың шығармашылық қабілетін ашу, дарындылығын анықтау, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында мектепшілік №51 бұйрық негізінде 2021 жылдың 9 қазан күні 9-11 сынып оқушыларының пәндік олимпиадасы өтті.

Мектепшілік олимпиада тапсырмалары өткен жылғы аймақтық олимпиада тапсырмалары негізінде құрылып, дайындалып, бекітілді. Олимпиадаға қатысушылардың білімін бағалау және аймақтық олимпиадаға жіберілетін оқушыларды анықтау мақсатында комиссия құрамы, өткізуге жауапты мұғалімдер тағайындалды. Олимпиада бекітілген кесте бойынша келесі пәндер бойынша өткізілді: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, физика, информатика, химия, биология, география, тарих, құқық. Мектепшілік олимпиадаға барлығы **247** оқушы (былтыр **217**, өткен жылмен салыстырғанда **30 оқушыға** артып отыр)

Пәндер бойынша жүлделі орындар үлесі:

сыныбы / пәні	қазақ тілі	орыс тілі	ағылшын	матем	тарих	физика	инф	биология	география	химия	Өзін-өзі тану	барлығы
9кл	4	3	5	1	4	4	3	4	4	5	6	43
10кл	3	3	3	2	3	2	4	5	5	2	4	36
11кл	4	2	4	5	5	5	3	5	4	2	4	43
барлығы	11	8	12	8	12	11	10	14	13	9	14	122



Сыныптардың қатысу белсенділігі:

сыныбы	1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат	жүлделі орын алған оқушы саны
9А	2	4	1	2	9
9Ә	2	2	1	1	6
9Б	4	2	4	1	11
9В	1	3	2	1	7
9Г	1	2	4	1	8
9Д			1	4	5
10А		3	1	1	5
10Ә	4		3	2	9
10Б	4	6	4	2	16
10В	1	2	2	2	7
11А	2	3	4	2	11
11Ә	2	3	2		7
11Б	2	5	1	3	11
11В	4	2	6	2	14

«Ең белсенді сынып» аталымымен **10Б, 11В, 9Б** сыныптары марапатталды.

Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстары комиссия шешімі бойынша баллдық жүйеде бағаланды. Тапсырмалардың 80% жоғары орындаған оқушыларға I орын, одан төмен болған жағдайда II, III орындар берілді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың қалалық кезеңінің қорытындысы

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (қалалық) кезеңі 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 29) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес өткізілді.

Олимпиада келесі бағыттарда және жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілді:

- жаратылыстану-математикалық бағыт (бұдан әрі - ЖМБ) - математика, физика, химия, биология, география, информатика;

- қоғамдық-гуманитарлық бағыт (бұдан әрі - ҚГБ) - қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері, өзін-өзі тану, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі.

Тапсырмаларды «Дарын» РҒПО әдістемелік кеңесі әзірледі.

Олимпиаданың екінші (қалалық) кезеңі 2022 жылғы 14-22 ақпан аралығында, күн сайын, күніне екі пән бойынша өткізу кестесіне сәйкес өтті.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (қалалық) кезеңі 9-11 сыныптар үшін 1 турда классикалық олимпиадалық тапсырмалар нысанында өткізілді. Олимпиада тапсырмалары өткізу кестесіне сәйкес <https://app.oqylyq.kz> сайтында қолжетімді болды.

Мектеп бойынша екінші кезеңге қатысу үшін 58 оқушыға сұраныс берілді. 2 оқушы (Давлетбаева Айжан –қазақ тілі, Қилау Диас –математика) денсаулықтарына байланысты олимпиадаға қатыса алмады.

Қалалық олимпиада қорытындысы бойынша №34 мектеп-гимназиясы командасының нәтижесі:

I орын – 1 оқушы (Темиргалиев Чингиз)

II орын – 4 оқушы (Аймагамбетова Мадина, Серік Айзада, Мендияр Талшын, Гайсағалиева Диана)

III орын – 4 оқушы (Гайсиев Аманжан, Сайлаубай Сабина, Қайдар Мерует, Тынышкалиева Адина)

Алғыс Хат -10 оқушы

Жалпы командалық есепте инновациялық мектептер арасында - **III орын**

№	Пән атауы	Қатысқан оқушы	Нәтиже			
			I	II	III	A/X
1.	Қазақ тілі	5	0	0	1	0
2.	Орыс тілі	3	0	0	1	0
3.	Ағылшын тілі	6	0	0	0	0
4.	Математика	3	0	1	0	0
5.	Физика	5	0	0	0	0
6.	Информатика	5	1	0	0	1
7.	Химия	5	0	1	0	2
8.	Биология	6	0	0	1	2
9.	География	5	0	0	1	2
10.	Қаз.тарихы	5	0	0	0	2
11.	Құқық негіздері	2	0	0	0	0
12.	Өзін -өзі тану	6	0	2	0	1
13.	Барлығы	56	1	4	4	10

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша облыстық кезеңге ұсынылған оқушылар

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сынып	Мұғалімнің аты-жөні	орны
1	Темиргалиев Чингиз	Информатика	10 ә	Мурзагалиева Гулмира Шугайевна	I
2	Меңдияр Талшын	өзі-өзі тану	10б	Сарсенгалиева Гүлнұр Мадиярқызы	II
3	Аймағамбетова Мәдина	химия	11б	Кизагалиева Гульзада Каирболатовна	II

Облыстық олимпиада қорытындысы бойынша №34 мектеп-гимназиясы командасының нәтижесі:

II орын – 1 оқушы (Меңдияр Талшын, өзін-өзі тану пәні, жетекшісі:Сарсенғалиева Г.М.)

III орын – 1 оқушы (Аймағамбетова Мадина, химия пәні, жетекшісі: Кизагалиева Г.К.)

Қорытындылай келе, нәтиже көрсете алмаған оқушылармен жүйелі жұмыстану, пәнді дұрыс таңдауы, дайындық мүмкіндігі ескерілуі.

Әсіресе нәтиже бермеген пәндер (физика, қазақ тілі, тарих, орыс тілі, ағылшын тілі) бойынша дарынды, қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігі болашақта ескерілуі тиіс.

Дегенмен, аталған оқушыларды қалалық пән олимпиадасына қатыстыру барысында дайындық жұмыстарының жүргізілуі мектепшілік бақылауға алынып, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлеріне (байқау, сайыс, интеллектуалдық ойын, регата) қатыстырылуын қадағалау үнемі бақылауда болды. Сонымен қоса, аталған оқушылармен қосымша жұмыстану пән мұғалімдеріне ескертіліп, әкімшілік тарапынан қадағаланды.

Облыстық, Қалалық, аймақтық олимпиаданың қорытынды сараптамасы бойынша төмендегідей ұсыныстар қатерге алынсын:

1. Дарынды, қабілетті балалармен жұмыстың талабын күшейту;
2. Оқушыларды сапалы дайындауда оқу жылы басынан ӘБЖ дарынды балаларды анықтауда жұмыс түрлері мен бағыттарын нақты жүргізу;
3. Пән мамандары олимпиадаға қатысатын оқушыларды саралау мен анықтауда жүйелі, сатылы жұмыстану деңгейін көтеру;
4. Олимпиада резервтері мектебін құру.
5. Нәтиже көрсетпеген пәндер (физика, қазақ тілі, тарих, орыс тілі, ағылшын тілі) бойынша пәннің берілу сапасын көтеру бағытында жұмысты күшейту.

Дайындаған: Директордың оқу-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары А.Ж.Рыскалиева